КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 04 қараша №5930-24-00-2/2676 іс Петропавл қаласы

Солтүстік Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында :
төрағалық етуші судья Д.К.Омаров;
сот отырысының хатшысы М.Қ.Тлеужанованың қатысуымен сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
"Каламкас-ААА" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі А.А.Турсынбекова
жауапкердің өкілі А.А.Абдрахманов

СИПАТТАМА БӨЛІГІ:

2024 жылғы 04 қыркүйекте талапкер мен жауапкер арасында №240691/00 мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарт жасалған (бұдан әрі - Шарт), мұнда «жеткізуші» тауарды жеткізуге міндеттенді: жалпы сомасы 156 009 теңге болатын саны 1400 дана пошталық маркасы, ал талап қоюшы «Тапсырыс беруші» болғандықтан тауарды қабылдауға және оның құнын төлеуге міндетті, тауарды жеткізу мерзімі шартты қазынашылық органдарында тіркеген кезден бастап 15 күнтізбелік күн (шарттың 1.1. 2.1 тармағы, №1 қосымша).

Тауар жеткізілмеген, шарт бұзылған.

2024 жылғы 25 қыркүйекте талап қоюшы сотқа жауапкерге қатысты

Құжатқа қол қойылған: Омаров Д. К., 04.11.2024
Заңды күшіне енген күні: 05.12.2024, судья Омаров Д. К., 05.12.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

талап-арызбен жүгініп, шарт бойынша міндеттерді орындамауына байланысты жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және 780 теңге тұрақсыздық айыбын өндіріп алуды сұраған.

Жауапкермен пікір берілмеді.

Сот отырысында талапкердің өкілі талап арызды толық қанағаттандыруды сұрап отырғанын түсіндірді.

Сот отырысында жауапкердің өкілі талап арызды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады, себебі тауар келісім-шарт бұзылғаннан кейін жеткізілгенін, бірақ төтенше жағдай жарияланғанына байланысты талапкермен қабылданбағанын түсіндірді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ::

№1 талап

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабына сәйкес. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі, соның ішінде осы баптың 4-тармағының 3-тармақшасына сәйкес өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған, не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Заңның 12-бабының 4 тармағына сәйкес, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Тауарды жеткізу мерзімі: шартты қазынашылық органдарында тіркеген кезден бастап 15 күнтізбелік күн .

Іс материалдарына сәйкес жауапкер тауарды шартта белгіленген мерзімде жеткізбеген.

Талап қоюшыға Шарттың тиісінше орындалмағаны туралы 2024 жылғы 20 қыркүйекте нақты белгілі болған. 2024 жылғы 25 қыркүйекте сотқа жүгінген, демек, талап қоюшымен жоғарыда көрсетілген заңмен белгіленген мерзім өткізілмеген.

«Соттардың Мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысының 5-тармағына сәйкес, Мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған, не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің

Құжатқа қол қойылған: Омаров Д. К., 04.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 05.12.2024, судья Омаров Д. К., 05.12.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

(әрі қарай- АК) 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының алтыншы бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет.

Теріс салдар деп шарттың бір тарапына шарт жасасу кезінде оған үміт артуға құқығы бар нәрседен едәуір дәрежеде зардап шеккендей зиян келтіруді түсіну керек. (АК-нің 401-бабының 2-тармағы).

Жауапкер тауарды шарт талаптарына (№1 қосымша) сәйкес уақтылы жеткізбеген, бұл жағымсыз салдар болып табылады.

Сонымен қатар, келісім шарт бұзылды.

Жауапкер шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағандықтан, сотта жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануға негіз бар.

Айта кету керек, жауапкердің төтенше жағдайға байланысты тауарларды уақтылы жеткізбеу туралы уәждері негізсіз, өйткені төтенше жағдай 2024 жылдың сәуір айында жарияланған, келісім-шарт 2024 жылдың қыркүйегінде жасалған және шартта бедгіленген мерзімде тауарларды талапкерге жеткізуге ештеңе кедергі болмаған.

№2 талап

АК 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Айып төлеу мөлшері нақты ақша сомасында немесе орындалмаған, не тиісінше орындалмаған міндеттеме сомасына шаққандағы процентпен белгіленеді және міндеттемені бұзғаны үшін борышқор жауапқа тартылатын жағдай болған кезде міндеттеменің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін айып өндіріп алынады (АК-нің 296, 298 баптары).

Тауарды жеткізу мерзімі өткен жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын ұстайды (өндіріп алады), өнім беруші міндеттемелерді толық орындамаған жағдайда не міндеттемелерді тиісінше орындамаған (ішінара орындаған) жағдайда Мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 10% - нан аспауға тиіс (шарттың 7.3-тармағы).

Талап қоюшы тұрақсыздық айыбының сомасын келесі есеп негізінде анықтады:

Шарт бойынша сомасы*0,1%*өткен күндер=тұрақсыздық айыбының сомасы (156009 тенге*0,1%*5 күн=780 теңге).

Құжатқа қол қойылған: Омаров Д. К., 04.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 05.12.2024, судья Омаров Д. К., 05.12.2024

5930-24-3-1/2785

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Сот талап қоюшы келтірген есептеуді тексерді дұрыс, сотта күмән тудырмайды.

Демек, сот талап қоюшының тұрақсыздық айыппұлды өндіріп алу туралы талабы заңды, негізделген және толық көлемде қанағаттандырылуға жатады деп санайды.

Сондай-ақ, АПК-нің 117-бабының тәртібімен жауапкерден мемлекет кірісіне 1869 теңге мөлшеріндегі мемлекеттік баж сомасы өндіріп алуға жатады, талап қоюшы төлеуден босатылған.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК 172, 223-226, 229 баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШТІ:

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің "Каламкас-ААА" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талабы қанағаттандырылсын.

"Каламкас-ААА" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

"Каламкас-ААА" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттік кірісіне 780 (жеті жүз сексен) теңге көлемінде тұрақсыздық айыбы, 1869 (бір мың сегіз жүз алпыс тоғыз) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндіріліп алынсын.

Шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, сот талқылауына қатыспаған тұлғаларға шешімнің көшірмесі жіберілген күннен бастап бір ай ішінде сот шешіміне аппеляциялық шағым, прокурор өтінішхатты Солтүстік Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Солтүстік Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы бере алады.

Судья **Д.Қ.Омаров**

Анықтама: шешім түпкілікті нысанда 2024 жылғы 04 қарашада дайындалды.

Судья **Д.Қ.Омаров**

Құжатқа қол қойылған: Омаров Д. К., 04.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 05.12.2024, судья Омаров Д. К., 05.12.2024